

2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 79/11-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 3554 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 04-01-08/57 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 02.04.2014 № 04-01-08/57 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2013 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 16 966 780,4 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 691 672 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 19 560,6 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 75 000 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 16 180 547,8 мың теңге;
 - 2) шығындар – 16 706 548,2 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік несиелер беру – 18 899 мың теңге:
 - бюджеттік несиелер – 22 257 мың теңге;
 - бюджеттік несиелерді өтеу – 3 358 мың теңге;
 - 4) бюджет тапшылығы (профицит) – 187 533,2 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – -187 533,2 мың теңге:
- қарыздар түсімі – 19 671 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 249 958 мың теңге;
- бюджет қаражатының қалдықтарының қозғалысы - 42 753,8 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық

мәслихатының 06.12.2013 № 167/23-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі)

ш е ш і м і м е н .

2. Аудандық бюджеттің кірістері келесі көздер есебінен бекітілсін:

- 1) салықтық түсімдер:
жеке табыс салығынан;
әлеуметтік салықтан;
мүлік салығынан;
жер салығынан;
көлік салықтарынан;
бірыңғай жер салығынан;
акциздерден;

табиғи және басқа да қорларды пайдаланғаны үшін түсімдерден;
кәсіпкерлік және кәсіби қызметтерді жүргізгені үшін алымдардан;

мемлекеттік баж салығынан;

- 2) салықтық емес түсімдер:

мемлекеттік меншікте орналасқан мүлікті жалдаудан түсімдерден;
мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер
тарапынан салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулардан;

басқа салықтық емес түсімдерден;

- 3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер:
жерді және материалдық емес активтерді сатудан;

- 4) трансферттердің түсімдерінен.

3. 2013 жылға арналған облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін
субвенция көлемі 1 648 224 мың теңге сомасында ескерілсін.

4. 2010 жылы тұрғын үй құрылысына облыстық бюджеттен аудандық
бюджетке бөлінген несиелерді қайтару көлемі 246 600 мың теңге сомасында
ескерілсін.

5. Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 2010, 2011
және 2012 жылдары берілген бюджеттік несиелер бойынша негізгі қарызды өтеу
3 358 мың теңге сомасында ескерілсін.

6. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте ағымдық мақсатты трансферттер
ескерілсін:

- 1) республикалық бюджеттен:

432 143 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік
білім беру тапсырысын іске асыруға;

19 968 мың теңге – жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының
қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай
сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне;

537 881 мың теңге – облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын

және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге;
40 687,2 мың теңге – эпизиоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;
6 192 мың теңге – мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;
53 010 мың теңге – мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін арттыруға;

8 757 мың теңге – 2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға;
12 354,6 мың теңге – үш деңгейлік жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге ақыларды арттыруға;

45 589 мың теңге – «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға;

162 388 мың теңге – Астана қаласының жасыл желекті аймағын құру үшін мәжбүрлеп оқшаулаған кезде жер пайдаланушылар немесе жер телімдерінің иелеріне шығындарды өтеуге;

339 323,4 мың теңге – жаңадан енгізілетін білім беру объектілерін күтіп-ұстауға;

16 566 мың теңге – жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға;
2) облыстық бюджеттен:

90 544 мың теңге – білім ұйымдарын жабдықтауға және ұстауға арналған;

29 534,3 мың теңге – білім беру нысандарының өртке қарсы іс-шараларын жүргізуге;

543 мың теңге – Ұлы Отан Соғысына қатысқандарға және оның мүгедектеріне коммуналдық шығындарды өтеу үшін әлеуметтік көмек көрсетуге;

3000 мың теңге – селолық елді мекендердің аз қамтылған және көпбалалы отбасыларының колледждерде оқитын студенттерінің оқу ақысын төлеуге;

246 600 мың теңге – заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен тұрған бюджеттер шығындарының өтемақысына;

178 500 мың теңге – елді мекендердің көшелерін және автомобиль жолдарын жөндеуге;

175 023,5 мың теңге – жылумен қамтамасыз ету кәсіпорындарының жұмысын тұрақты қамтамасыз етуге;

80 956,9 мың теңге – білім беру нысандарының күрделі шығындарына;

22 855,3 мың теңге – қар шығару және елді мекендерді су тасқынын өткізуге дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 21.02.2013 № 88/12-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2013 № 119/16-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.07.2013 № 133/18-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.10.2013 №

145/21-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 06.12.2013 № 167/23-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2013 жылға аудандық бюджетте дамытуға бағытталған мақсаттық трансферттерді қарастырылсын:

1) республикалық бюджеттен:

2 453 745 мың теңге – білім беру нысандарын салу және реконструкциялауға;

2 921 944 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

1 766 138,7 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

312 282 мың теңге – Ақмол ауылында жылу қазандығының құрылысына және жылумен қамтамасыз ету жүйесін жаңартуға;

3 715 323 мың теңге – ауылдық елді мекендерде жылу-энергетикалық жүйені дамытуға;

2) облыстық бюджеттен:

563 400 мың теңге – білім беру нысандарын салу және білім беру объектілерін нысандарының құрылыс бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге (байлаулы жобаны қайта қолдану), мемлекеттік сараптама жүргізуге;

106 772 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

152 958,2 мың теңге – селолық елді мекендерде электрмен жабдықтау желілері құрылысының жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, мемлекеттік сараптама жүргізуге;

6 400 мың теңге – Ақмол ауылында әкімшілік ғимараттың құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

53 800 мың теңге – «Целиноград коммуналдық қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталын көбейтуге;

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 21.02.2013 № 88/12-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.07.2013 № 133/18-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.10.2013 № 145/21-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.12.2013 № 167/23-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-1. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте 31 136,1 мың теңге мөлшерінде 2013 жылғы 1 қаңтарға құрылған бюджеттік қаражаттардың еркін қалдықтары заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылғаны ескерілсін, соның ішінде:

3 000 мың теңге – аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға;

2 500 мың теңге – ауданның жергілікті атқарушы органының резервіне;
2 139,1 мың теңге – өткен қаржы жылының кредиторлық қарызды өтеуге;
1 000 мың теңге – ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыруға;
6 955,9 мың теңге – 2013 жылы олардың нысаналы пайдаланылуын сақтай отырып, пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат берілген, 2012 жылдың ағымында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы, соның і ш і н д е :

2 826,9 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға;
630,3 мың теңге – білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға;
500 мың теңге – мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға;
1 848,8 мың теңге – сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесін дамытуға;
2 586 мың теңге – 2012 жылы ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен бөлінген несиелерді пайдалануға;
25 722,7 мың теңге – 2012 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген нысаналы трансферттерді қайтаруға.

Ескерту. Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 21.02.2013 № 88/12-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 7-1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 24.05.2013 № 119/16-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен 5,6 мың теңге мөлшерінде бюджеттік несиелер бойынша сыйақылар қарастырылсын.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 06.12.2013 № 167/23-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

9. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен 19 671 мың теңге мөлшерінде несиелер қарастырылсын.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 02.10.2013 № 145/21-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

10. Аудандық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде қызмет істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет,

спорт және ветеринария мамандарына, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың жалақыларымен және тарифтік ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

11. 2013 жылға арналған аудандық бюджеттің даму бағдарламаларының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. 2013 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу барысында секвестрленуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының әкімшілері бойынша бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық

мәслихаты сессиясының төрағасы А.Бутакова

Целиноград аудандық

мәслихатының хатшысы Р.Түлкібаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Целиноград ауданының әкімі А.Үйсімбаев

«Целиноград ауданының

экономика және қаржы бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы Ә.Ыбраева

Целиноград аудандық мәслихатының
2012 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 79/11-5 шешіміне 1 қосымша

2013 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 06.12.2013 № 167/23-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты					Сома, мың теңге
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				I. Кірістер	16 966 780,4

1		Салықтық кірістер	691 672,0
	01	Табыс салығы	34 151,0
	2	Жеке табыс салығы	34 151,0
	03	Әлеуметтік салық	333 552,0
	1	Әлеуметтік салық	333 552,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	275 984,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	149 277,0
	3	Жер салығы	63 891,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	60 180,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2 636,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтары	42 983,0
	2	Акциздер	3 959,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7 701,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	31 323,0
	07	Басқа салықтар	103,0
	1	Басқа салықтар	103,0
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 899,0
	1	Мемлекеттік баж	4 899,0
2		Салықтық емес түсімдер	19 560,6
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 515,6
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	2 036,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	474,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген несиелер бойынша сыйақылар	5,6
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	12 169,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	12 169,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 876,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 876,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	75 000,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	75 000,0
	1	Жерді сату	73 000,0

	2		Материалдық емес активтерді сату	2 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	16 180 547,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	16 180 547,8
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	16 180 547,8
Функционалдық топ				
	Функционалдық шағын топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сума
	Бағдарлама			
	Атауы			
	II. Шығындар			16 706 548,2
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер			275 325,7
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар		259 794,7
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19 219,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 119,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 100,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	75 759,7
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51 765,7
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 994,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	164 816,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	158 516,0
		022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	6 300,0
	2	Қаржылық қызмет		962,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	962,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	782,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	180,0
	9	Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер		14 569,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14 569,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 169,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
02	Қорғаныс			1 501,0
	1	Әскери мұқтаждар		1 501,0

	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 501,0
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1 501,0
04		Білім беру	5 924 568,1
1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	574 492,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	574 492,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	142 349,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	432 143,0
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1 848 827,5
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 316,6
	005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	4 316,6
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 844 510,9
	003	Жалпы білім беру	1 844 510,9
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	3 501 248,6
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	483 473,3
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 285,0
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	6 329,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	19 968,0
	020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	737,0
	050	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстау	339 323,4
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	106 830,9
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 017 775,3
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 017 775,3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	98 038,0
2		Әлеуметтік көмек	79 383,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	79 383,0
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	16 349,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	710,0
	006	Тұрғын үй көмегін көрсету	1 700,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	17 849,0

		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	808,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	22 296,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	8 045,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	10 944,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	682,0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	18 655,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18 655,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 351,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	304,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 511 580,1
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	3 084 917,1
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 078 229,1
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	500,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	3 077 729,1
	496		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімі	6 688,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық шаруашылық және үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	6 688,0
	2		Коммуналдық шаруашылық	2 413 965,0
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 193 441,5
		005	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	318 682,0
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 874 759,5
	496		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімі	220 523,5
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	220 523,5
	3		Елді мекендерді абаттандыру	12 698,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 698,0
		008	Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру	12 698,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	123 025,6
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	71 424,0

	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	71 424,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	71 424,0
2		Спорт	1 676,0
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 676,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	200,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1 476,0
3		Ақпараттық кеңістік	32 124,5
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	21 855,5
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	16 324,5
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	5 531,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	10 269,0
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	10 269,0
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	17 801,1
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8 334,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 034,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 300,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	5 526,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 326,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	200,0
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 941,1
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 941,1
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	3 715 323,0
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	3 715 323,0
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 715 323,0
	009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	3 715 323,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	237 688,2

1		Ауыл шаруашылығы	23 883,2
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 192,0
		099 Мамандарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды іске асыру	6 192,0
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	10 315,2
		001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 315,2
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	7 376,0
		001 Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 934,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60,0
		007 Қанғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	555,0
		010 Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	827,0
6		Жер қатынастары	173 117,8
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	173 117,8
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 716,8
		004 Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 613,0
		007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
		039 Астана қаласының жасыл желекті аймағын құру үшін мәжбүрлеп оқшаулаған кезде жер пайдаланушылар немесе жер телімдерінің иелеріне шығындарды өтеуге	162 388,0
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	40 687,2
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	40 687,2
		011 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	40 687,2
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	20 744,2
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	20 744,2
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11 683,2
		001 Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 503,2
		017 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	180,0
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	9 061,0
		001 Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 061,0
		003 Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлар схемаларын әзірлеу	0,0
12		Көлік және коммуникация	721 631,0
1		Автомобиль көлігі	718 181,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 800,0

		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 800,0
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	716 381,0
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	716 381,0
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	3 450,0
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 450,0
		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 000,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	450,0
13			Өзгелер	51 395,0
3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	5 323,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	5 323,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіп пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 323,0
9			Өзгелер	46 072,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	46 072,0
		040	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	46 072,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0,0
14			Борышқа қызмет көрсету	5,6
1			Борышқа қызмет көрсету	5,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5,6
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	5,6
15			Трансферттер	25 722,7
1			Трансферттер	25 722,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25 722,7
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	25 722,7
			III. Таза бюджеттік несиелер	18 899,0
			Бюджеттік несиелер	22 257,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	22 257,0
1			Ауыл шаруашылығы	22 257,0

		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22 257,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	22 257,0
5			Бюджеттік несиелерді өтеу	3 358,0
	1		Бюджеттік несиелерді өтеу	3 358,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді өтеу	3 358,0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	53 800,0
			Қаржы активтерін сатып алу	53 800,0
13			Өзгелер	53 800,0
	9		Өзгелер	53 800,0
		496	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімі	53 800,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	53 800,0
			V. Бюджет тапшылығы (профицит)	187 533,2
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	- 187 533,2
7			Қарыздар түсімі	19 671,0
	1		Мемлекеттік ішкі қарыздар	19 671,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	19 671,0
16			Қарыздарды өтеу	249 958,0
	1		Қарыздарды өтеу	249 958,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	249 958,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	249 958,0
8			Бюджет қаражатының қалдықтарының қозғалысы	42 753,8
	1		Бюджет қаражатының қалдықтары	42 753,8
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	42 753,8

Целиноград аудандық мәслихатының
2012 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 79/11-5 шешіміне 2 қосымша

2014 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 21.02.2013 № 88/12-5 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты					Сома, мың теңге
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	6

		I. Кірістер	6 800 938,0
1		Салықтық кірістер	710 232,0
	01	Табыс салығы	37 036,0
	2	Жеке табыс салығы	37 036,0
	03	Әлеуметтік салық	366 103,0
	1	Әлеуметтік салық	366 103,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	249 451,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	140 937,0
	3	Жер салығы	42 910,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	62 784,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2 820,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтары	52 401,0
	2	Акциздер	4 237,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	12 770,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізген үшін алынатын алымдар	35 394,0
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 241,0
	1	Мемлекеттік баж	5 241,0
2		Салықтық емес түсімдер	23 896,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	124,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	124,0
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	21 953,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	21 953,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 819,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 819,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	42 800,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	42 800,0
	1	Жерді сату	40 660,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	2 140,0
4		Трансферттердің түсімдері	6 024 010,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 024 010,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 024 010,0

Функционалдық топ				Сума
Функционалдық шағын топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Атауы	
			II. Шығындар	6 800 938,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	232 425,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар	218 940,0
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12 894,0
